Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жедел штаб
ХАТТАМАСЫ
№06-01-01-04/50 (ТЖ)

Атырау қаласы 2024 жылғы 16 мамыр

Төрағалық етті Атырау облысы әкімінің орынбасары
Ж.О.Бисембиев

Қатысқандар: (тізім бойынша)

Төтенше жағдайлар салдарын жою туралы

«Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» Атырау облысы әкімінің 2024 жылғы 7 сәуірдегі №3 шешімі және «Төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы №1222 қаулысы негіздерінде:

1. Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігі және Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына:

- Төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға арнап салынатын тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар орналасатын жерді анықтап, шешімін шығаруды қамтамасыз етсін, және құрылыс салу жұмыстарын жүргізсін.
- Бір көзден сатып алу тәртібімен бала-бақша, мектеп және саябақ құрылысына жоба-сметалық құжаттама жасақтау және құрылыс жұмыстарын жүргізуге шұғыл кіріссін.

2. Атырау облысы Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына:

- Бір көзден сатып алу тәртібімен Төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй салу мақсатында біртиптік үлгідегі жалпы ауданы 80 шаршы метр және 120 шаршы метр болатын тұрғын үйдің жобасын жасақтап, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асырсын.
- Жалпы ауданы 80 шаршы метр және 120 шаршы метр болатын біртиптік үлгідегі тұрғын үйлердің құрылыс-монтаж жұмыстарын тез арада бастасын.

Облыс әкімінің орынбасары **Ж. Бисембиев**